

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Академиялық комитетінің
отырысында бекітілді
Хаттама №6 «22» «06» 2020 ж.
Оқу ісі жөніндегі проректор
_____ Хикметов А.К.**

**«8D10201--ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС»
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША PhD ДОКТОРАНТУРАҒА
МАМАНДЫҚ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАН
БАҒДАРЛАМАСЫ**

АЛМАТЫ 2020

Бағдарлама «8D10201 – Әлеуметтік жұмыс» білім беру бағдарламасы бойынша Мемлекеттік жалпы білім беру стандартына сәйкес социол.ғ.д., профессор Г.С. Әбдірайымова, социол.ғ.к., Т.А. Морозова, социол.ғ.к. Г.А. Кенжакимова дайындаған.

Бағдарлама әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының мәжілісінде қарастырылған
Хаттама № _____ 2020 ж.
Кафедра меңгерушісі _____ Г.С. Әбдірайымова

Философия және саясаттану факультетінің әдістемелік бюро мәжілісінде мақұлданған
Хаттама № _____ 2020 ж.
Әдістемелік бюро төрайымы _____ М.П. Кабакова

Ғылыми кеңес отырысында бекітілді

Ғылыми кеңес төрайымы, факультет деканы _____ Ә.Р. Масалимова
Хаттама № _____ 2020 ж.

Ғалым хатшы _____ Ж.О. Қаңтарбаева

МАЗМҰНЫ

1. Мамандық бойынша қабылдау емтиханының мақсаты мен міндеті

Мақсаты: докторантураға түсушілерге әлеуметтік жұмыс саласындағы жүйелі теориялық және тәжірибелік білімін, ғылыми зерттеудің әдістемесін меңгеру, ғылыми-педагогикалық, сараптамалық дағдыларын анықтау.

Міндеті:

- әлеуметтік жұмыс және әлеуметтік саясат саласындағы қазіргі мәселелер туралы терең жүйелік білім мен сыни талдау қабілетін қалыптастыру;
- әлеуметтік мәселелерді талдауда әлеуметтік жұмыста қолданылатын зерттеу әдістерін жаңа ғылыми жетістіктерге негізделе отырып, кешенді қолдану;
- өзіндік ғылыми зерттеуге және жеке тұжырымдарын қалыптастыру, ұсыну және қолдауға қажетті концептуалды білім мен дағдыны қалыптастыру;
- бірінші және екінші реттік ақпарат көздерімен кәсіби зерттеу жұмысын жасау, әлеуметтік жобалар мен бағдарламаларды білікті сараптамадан өткізу дағдысы тереңдету;
- әлеуметтік мәселелерді зерттеудегі әр түрлі әдістемелік бағыттарды жүйелі қолдану дағдыларын дамыту;
- жаңа білімді дамыта білу, өзіндік ғылыми ұстанымын қалыптастыру, ғылыми маңызға ие жаңа білім шығару үшін жобаларды тұжырымдау және іске асыру қабілеттерін дамыту;
- әлеуметтік саясат, халықты әлеуметтік қорғау саласында ұйымдастырушылық, басқарушылық және әкімшілік жұмыстарды жүргізу бойынша білім мен дағдыларды тереңдету;
- адамгершілік құндылықтарды, әлеуметтік жауапкершілікті, орнықты дамуды, сондай-ақ әлеуметтік әл-ауқат пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге негізделген әлемдік көзқарасты қалыптастыру.

Емтихан түрі – ауызша-жазбаша аралас емтихан. Емтихан тапсырушы емтихан билетінің сұрақтарын өзінің жауаптарын жауап парағына жазады, емтихан комиссиясы мүшелеріне ауызша жауап береді. Апелляция болған жағдайда қарастыру негізі болып жауап парағындағы жазбалар табылады.

2. PhD докторантура/магистратураға түсушілерге дайындалу деңгейіне қойылатын талаптар

Философия докторы және профильді доктор даярлау бағдарламасын игергісі келетін тұлғалардың «6M050100-Әлеуметтану», «6M090500-Әлеуметтік жұмыс», «6M050300-Психология» мамандықтары бойынша магистр деңгейінде жоғары кәсіби білімі, мемлекеттік үлгідегі құжаттармен расталған болуы қажет.

3. Білім беру бағдарламасының пререквизиттері

Бұл бағдарламаны игеру «6M090500-Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша жалпы білім беру бағдарламасының келесі міндетті пәндерімен дайындалған:

1. Әлеуметтік жұмыстың теориясы мен практикасының өзекті мәселелері (3 кредит).
2. Әлеуметтік қызметтің әлеуметтік тапсырысы мен жүйесін құру (3 кредит).
3. Әлеуметтік жұмыстағы әлеуметтік серіктестік пен сұхбат (3 кредит).

4. Емтихан тақырыптарының тізімі

«Әлеуметтік жұмыстың теориясы мен практикасының өзекті мәселелері» пәні

1. Әлеуметтік жұмыс теориясының әлеуметтік құрылымы

Тәжірибелік іс-әрекет теориясы. Таным туралы ғылым (эпистемология). ХХІ ғасыр басындағы атақты концепциялар мен жаңа үлгілер.

2. Әлеуметтік жұмыс теориясын тәжірибеде қолдану.

Инновацияның үш саласы: когнитивті мінез-құлықтық, сындарлы тәжірибе және руханилықтың теориялық мәселелері. Мәдени және этникалық сензитив мәселесі. Әлеуметтік жұмыстағы тәжірибенің клиникалық түрлері.

3. Әлеуметтік жұмыстың қазіргі заман теорияларын жіктеу.

Әлеуметтік жұмыстың қазіргі заманғы негізгі теориялары. Психотерапевтикалық теориялар. Әлеуметтік жұмыстағы гуманизм принципі. Субъективті және объективті теориялар. Психодинамикалық және мінез-құлықтық теориялар.

4. Роберт пен Нидің психотерапевтикалық теориялары

Американдық ғалымдар Роберт пен Нидің психотерапевтикалық теориялары
Үнді ғалымы Кумардың әлеуметтік жұмыс тәжірибесіндегі Махатма Ганди жұмысының принциптері.

5. Баррел мен Морганның субъективті және объективті теориялары

Баррел мен Морганның субъективті теориялары - гуманистік, постмодернистік, конструктивтік. Баррел мен Морганның объективті теориялары - модернистік, позитивистік, ғылыми.

6. Хаудың психодинамикалық және мінез-құлықтық теориялары

Американдық ғалым Хаудың психодинамикалық және мінез-құлықтық теориялары. Лишман еңбегіндегі интервенция үлгісі және «адам дамуын түсіну» үлгісі. Роберт пен Новеннің сараптамалық үлгілері.

7. Браунның потенциалды топтық орта үлгісі

Клиенттің әлеуметтік рөлдері және оның айналасындағылармен байланыс орнату. Тұлғалық өсу және гештальтформалар. Браун өзіне-өзі көмектесу туралы. Фельдман мен Водарски мәселелері бірдей клиенттер туралы.

8. Эриксонның тұлға психологиясы

Психодинамикалық бағыттағы Эриксонның тұлға психологиясы. Топаралық қақтығыстар мен ынтымақтастықты реттеу. Байонның, Дугластың топтық жұмыс туралы бағыттары.

9. Шағын әлеуметтік топтағы жұмыс, микродеңгейдегі әлеуметтік жұмыс және әкімшілік

Басқарушылық сала әлеуметтік жұмыстың жеке қызметі немесе элементі ретінде. Йорк бойыша шағын топтарда жұмыстың үш типі. Шағын әлеуметтік топтардағы әлеуметтанулық бағыттылықтың теориялық білім базасы.

10. Әлеуметтік жұмыстың басқа да теориялық аспектілері

Робертс және Нидің отбасылық терапиясы. Эйнсворт пен Фулчердің мәтіндеріндегі стационарлық қызмет көрсету. Синклер жұмысындағы топтық күтім зерттеу мен тәжірибенің өзіндік саласы ретінде.

11. Стационарлық қызмет көрсету

Стационарлық қызмет көрсету әлеуметтік жұмыс түрі ретінде. Стационарлық қызмет көрсетудің үш негізгі принциптері: христиандық махаббат принципі, терапевтік құндылық принципі, индивид құқығы принципі.

12. Әлеуметтік жұмыс теориясының жетістіктері

Әлеуметтік жұмыс терапия емес, біріккен қызмет ретінде. Әлеуметтік жұмыстың жетістікті объектісі – пациент, клиент, қызметті пайдаланушы, азамат.

13. Клиенттердің әлеуметтік және тұлғалық ерекшеліктері

Клиенттердің әлеуметтік және тұлғалық ерекшеліктері. Мамандар мен ұйымдастыру қызметтері арасындағы қарым-қатынастың өзгеруіндегі қазіргі теориялық бағыттары.

14. Психодинамикалық жетістіктер

Клиенттің мәселесін шешу - психодинамикалық жетістіктің басты аспектісі. З. Фрейдтің оқулары мен оның жолын жалғастырушылар - психодинамикалық жетістіктің негізі. Адам психикасының қызмет етуінің ерекшеліктері туралы әртүрлі психодинамикалық әдістер.

15. Психоаналитикалық теорияның үш бөлімі

Адамдық даму теориясы, тұлға психологиясы, емдеу теориясы психоаналитикалық теорияның үш құрамдас бөлімі ретінде. Тұлғаның психоаналитикалық теориясындағы Вуд пен Йеллолдың фундаменталды ойлары. Кляйн еңбегіндегі эмоционалды өмірлік ұстанымдары. Баулби, Элдгейт, Хуве теорияларындағы бауыр басушылық.

16. Гольштейн: тұлға психологиясы

Тұлға психологиясындағы саналы реттеу дағдылары. Қорғаныс механизмдері мен бақылау дағдыларын дамыту. Индивид пен қоршаған ортаның өзара қатынасын анықтау мен меңгеру механизмдері. Тұлға психологиясындағы «Мен» дамуы және объективті қарым-қатынастар.

17. Тұлға психологиясының тәжірибелік қолданылуы

Әлеуметтік жұмыстағы «Эго» нығайту. «Эго» трансформациясындағы психотерапия және кеңес беру. Клиентпен жұмыс түрлері.

18. Клиентпен жұмыста сананы және өзін-өзі реттеудің қабілеттерін дамыту

Қорғаныс механизмдерін қолдануда клиенттің адекватсыздығы мен мінез-құлықтық қиындығы. Мәселені шешу үшін қоршаған орта ресурстары мен индивидтің қабілеттері туралы мәліметтері. Клиенттің қажеттіліктері жұмыстың мақсаты ретінде.

19. Әлеуметтік жұмыс теориясындағы адамның толыққанды жетістігінің әртүрлі бағыттары

Батыстық ғылыми әдебиеттегі әлеуметтік жұмыстың психоәлеуметтік трактовкасы. Социология, психология және педагогика әлеуметтік жұмыстағы жетекші үш пән ретінде. Әлеуметтік жұмыстың моделдері: мәселелік-бағытталған, функционалды, күйзелістік-интервентті. Клиенттің мәселесін шешуде бүгінгі мен өткені туралы «пәндік байланыс» немесе «өмірлік тәжірибе байланысы» түсінігі.

20. Әлеуметтік жұмыстың теориясы мен тәжірибесіндегі психодинамикалық моделі ретіндегі бихевиористік бағыт

Әлеуметтік жұмыстың теориясы мен тәжірибесіндегі психодинамикалық моделі ретіндегі бихевиористік бағыт. Батыстық теориялық дәстүрдегі әлеуметтік жұмыс теориясының гуманистік моделі. Когнитивті модель әлеуметтік жұмысты ұйымдастырудағы кешенді-бағытталған теорияның принципі ретінде. Адамның өмірлік күші әлеуметтанулық концепциясындағы виталистік бағыт.

21. Әлеуметтік жұмыстың технологиясы

Әлеуметтік технологиялар мәні. Әлеуметтік жұмыстағы «технология» түсінігі. Әлеуметтік жұмыстағы технология классификациясы. Әлеуметтік жұмыстың классикалық әдістері. Психологиялық технологиялар. Әлеуметтік мониторинг технологиясындағы әлеуметтанулық әдістер. Әлеуметтік жұмыстағы жан-жақты және жалпы технологиялар. Әлеуметтік жұмыстағы инновациялық технологиялар.

22. Әлеуметтік жұмыстағы кәсібилікті қалыптастыру мәселесі

Әлеуметтік қызметкер кәсібилігін қалыптастыру мәселесі Қазақстандағы әлеуметтік жұмыстың дамуы мен қалыптастыруындағы алғышарт ретінде. Әлеуметтік жұмыстағы кәсібилік. Әлеуметтік қызметкер кәсібилігінің сипаттамасы.

23. Әлеуметтік жұмыс бойынша мамандарды дайындау мен қайта дайындаудың әртүрлі категориялары

Әртүрлі категориялар бойынша мамандарды дайындау мен қайта дайындау – әлеуметтік жұмыс, әлеуметтік педагогтар, тәжірибелік психологтар, әлеуметтік-медициналық қызметкерлер, реабилитологтар, еңбек терапевтері, заңгерлер мен басқа мамандарды.

24. Әлеуметтік жұмыстағы кәсіби тәуекелділік

Әлеуметтік жұмыстағы кәсіби тәуекелділік мәселесінің аз зерттелгендігі мен өзектілігі. Клиентпен өзара күрделі әлеуметтік қатынас процесіндегі әлеуметтік қызметкер. Әлеуметтік қызметкердің денсаулығына негативті ықпал етуші факторлар. Әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби ауруы мен реабилитация. Әлеуметтік қызметкердің денсаулығын сақтаудағы қоғамдық ұйымдар, басқару органдарының міндеттері.

25. Мемлекеттік және аймақтық мемлекеттік саясат (отбасылық)

Мемлекеттің әлеуметтік саясаты қоғамдық қатынастар саласын басқару бойынша іскер ретінде. Халық – әлеуметтік саясат объектісі. Әлеуметтік саясаттың субъектісі – мемлекеттік органдар, ведомства, мекеме, бюджеттік емес қорлар және т.б. Мемлекеттік отбасылық саясат. Әлеуметтік саясаттың нормативті-құқықтық базасы. Аймақтық әлеуметтік саясат.

«Әлеуметтік жұмыстағы ғылыми зерттеуді ұйымдастыру және жоспарлау» пәні

1. Ғылыми таным әдістемесі

Білім, таным және оның түрлері. Ғылыми таным ерекшелігі. Ғылыми білім жүйе ретінде. Ғылыми таным процесіндегі тәжірибенің негізгі қызметтері. Ғылыми дәйек, заң, заңдылық ұғымдары.

2. Әлеуметтік жұмыстағы әдістеме ерекшеліктері

Әлеуметтік жұмыстың теориясы мен тәжірибесіндегі зерттеу ерекшелігі. Зерттеу әдісі, әдістемесі және процедурасы. Зерттеу әдістемесінің мәні, рөлі және орны. Әлеуметтік жұмыстағы ғылыми зерттеудің сатылары.

3. Әлеуметтік жұмыстағы зерттеудің құрылымы, парадигмалары мен стратегиялары және зерттеу пәні

Зерттеу пәнінің ерекшелігі, зерттеудің құрылымы, парадигмасы мен стратегиясы. Әлеуметтік жұмыстағы зерттеудің этикалық мәселелері. Әлеуметтік жұмыстағы зерттеу түрлерінің жіктелуі: монографиялық және салыстырмалы, барлаушы, суреттемелі және талдамалы, нүктелік және қайталанушы, далалық және лабораториялық (эксперимент) және т.б.

4. Әлеуметтік саладағы ғылыми зерттеуді ұйымдастыру

Ғылыми зерттеу ұғымы және мәні. Ғылыми зерттеулерде логикалық заңдар мен ережелерді қолдану. Іргелі, қолданбалы ғылыми зерттеулер, ғылыми өңдеулер. Ғылыми зерттеудің жалпыәдістемелік параметрлері: мәселе, тақырып, пән, объект, мақсат, міндеттер, гипотеза, құралдар, қорғалушы жағдайлар, нәтиже. Әлеуметтік саладағы ғылыми зерттеулер сапасының критерийлері: өзектілігі, жаңалығы, теоретикалық және тәжірибелік маңызы.

5. Зерттеулік ізденістің логикасы.

Зерттеу бағдарламасы: әдістемелік және процедуралық бөлімдер. Зерттеу ізденістерінің логикасы: эмпирикалық, эксперименталды-теоретикалық, болжамдық кезеңдер. Зерттеудің негізгі кезеңдері: зерттеуді дайындау, алғашқы әлеуметтанулық мәліметтерді жинау, алынған мәліметтерді өңдеуге дайындау және оны өңдеу, өңделген ақпаратты талдау және қорытындыны рәсімдеу.

6. Әлеуметтік жұмыстағы зерттеуді дайындау

Зерттеу бағдарламасын дайындау. Оның мақсаты мен негізгі қызметтері, бағдарламаның негізгі бөлімі: әдістемелік және әдістік. Әлеуметтік жұмыс саласында зерттеудің мәселелік жағдайы. Мәселелік жағдайды мәселені тұжырымдауға ауыстыру процесі. Әлеуметтік жұмыс саласында мәселені суреттеудің құрылымы. Әлеуметтік жұмыс саласындағы мәселелерді жіктеу. Мәселені айқындауда жіберілетін қателіктер. Әлеуметтік жұмыс саласындағы зерттеудің мақсаты мен міндеттерін анықтау. Негізгі және қосымша міндеттері. Зерттеудің негізгі міндетіне байланысты міндеттерді айқындаудың реттілігі. Зерттеу объектісі мен пәнін анықтау. Объектінің қажетті мінездемесі. Негізгі ұғымдарға түсініктеме беру. Зерттеудің болжамдарын (гипотеза) тұжырымдау. Болжамдардың (гипотеза) түрлері. Болжамдарға (гипотеза) қойылатын негізгі талаптар.

7. Зерттеудің негізгі кезеңдері

Әлеуметтік жұмыс саласындағы іріктеудің көлемін анықтау. Негізгі және ішінара жиынтық. Көрнекті (репрезентативті) іріктеу. Іріктеудің тиімді көлемі. Іріктеудің түрлері. Іріктеудің негізгі түрлеріне қысқаша сипаттама. Сенімді іріктеуді құрудың негізгі ережелері. Әлеуметтік жұмыс саласындағы зерттеулерде қолданылатын шкалалардың түрлері. Алғашқы ақпаратты жинауда қолданылатын әдістерді суреттеу. Қолданылатын құралдардың

логикалық құрылымы. Ақпаратты өңдеу әдістемесі. Зерттеудің жалпы жоспары және жұмыс жоспары. Пилотажды зерттеу.

8. Әлеуметтік жұмыстың әдістер жүйесі

Әлеуметтік жұмыстағы зерттеу түрлерін қолдану ерекшеліктері. Әлеуметтік жұмыс әдістерінің ерекшелігі ғылыми пән ретінде тақырыбында пікір-талаб. Зерттеу әдістерінің құндылығы және оларды әлеуметтік жұмыскердің қызметінде пайдалану қажеттілігі. Әлеуметтік жұмыс пен ғылыми-зерттеу процестерінің егіздігі мен тұтастығы (тәжірибелік және зерттеу жұмыстары).

9. Әлеуметтік ғылымдардағы негізгі әдістер

Әлеуметтік ғылымдардағы зерттеудің негізгі әдістері: сұрау, құжаттарды талдау, бақылау, контент-талдау, эксперимент, социометриялық сұрау және т.б. Сұрау және оның түрлері: анкета және сұхбат. Сұрауды жүргізудің ұйымдастырушылық формалары – жұмыс орны бойынша, тұрғылықты орны бойынша. Ақпарат көзіне байланысты – бұқаралық және арнайы сұраулар.

10. Зерттеу сауалнамасын дайындау әдісі

Әлеуметтік жұмыста сауалнаманы (анкета) қолдану. Сауалнаманың түрлері. Көлемі бойынша – тұтас және іріктемелі сауалнама. Сауалнаманы толтыру әдісі бойынша – тік және жанама сауалнама. Өңгімелесу әдісі бойынша – сауалнаманы жеке және сырттай жүргізу. Сауалнаманы тарату бойынша – баспасөздік, пошталық және үлестірілетін. Жүргізу процедурасы бойынша – топтық және жекелей сауалнама жүргізу.

11. Сауалнама сұрақтарының құрылымы мен түрлері

Сауалнаманың құрылымы – кіріспе, негізгі бөлім, «құжаттық бөлім» (паспортичка). Сауалнаманың әр бөлігінің мазмұны мен негізгі қызметтері. Сауалнаманың сұрақтары мен оларды жүйелеу тәсілдері. Сұрақтарды жіктеу. Сауалнаманы тексеру. Сұрақтарды жүйелеуді тексеру ережелері. Сауалнаманы құруды тексеру ережелері. Сауалнаманың графикалық рәсімделуін тексеру ережелері. Әлеуметтік жұмыстағы сауалнама түрлерінің артықшылықтары мен кемшіліктері.

12. Сапалы әдістеменің ерекшелігі

Сапалы зерттеудегі мәліметтердің ерекшелігі. Сапалы зерттеудегі объективтілік. Шынайылық. Сенімділік. Жалпылау және көрнекілік. Сапалы зерттеудің сандық зерттеумен үйлесімділігі. Мақсатты іріктеу. Теоретикалық іріктеу. Жалпылау. Сапалы зерттеудің пәні.

13. Сапалық әдістің сандық әдіспен байланысы

Сандық зерттеу ерекшелігі. Сапалық зерттеу ерекшелігі. Сандық зерттеудің артықшылықтары мен кемшіліктері. Сапалық зерттеудің артықшылықтары мен кемшіліктері. Сапалық және сандық мәліметтердің өзара байланысы. Сандық және сапалық зерттеудің араласуы.

14. Эксперимент жүргізу әдістемесі

Әлеуметтік жұмыстағы эксперименттің орны мен рөлі. Табиғи-ғылыми эксперименттердің әдісін әлеуметтік жұмыс тәжірибесіне ауыстыруға жол бермеу. Әлеуметтік салада жүргізілетін эксперименттердің жіктелуі. Әлеуметтік жұмыс саласында экспериментті ұйымдастыру мен оның процедураларына қойылатын негізгі талаптар.

15. Эксперимент қоюдағы басты кезеңдер.

Экспериментті жүргізудің негізгі сатылары. Бақылаушы және эксперименталды топтар. Жағдайдың экспериментті жүргізуге әсері. Эксперименттегі айнымалылардың түрлері, олардың өлшеу және бақылау. Экспериментті жүргізудегі қателіктер. Эксперименттегі өлшеу құралдары. Эксперименттің нәтижелерін талдау. Қорытындының негізделуін тексеру.

16. Сұхбат жүргізу әдістемесі

Әлеуметтік жұмыста сұхбатты қолдану. Әлеуметтік жұмыстағы сұхбаттың ерекшелігі. Сұхбат әдісінің артықшылықтары мен кемшіліктері. Тұрғылықты орны мен жұмыс орны бойынша сұхбат. Сұхбат процедурасы: объектіні таңдау; сұхбат жүргізу орны мен уақытын анықтау; жауаптарды жазу және оны рәсімдеу. Сұхбат жағдайы. Сұхбаттың жіктелуі: барлаушы, бақылаушы, негізгі сұхбат. Жауаптарды тіркеу әдістері.

17. Сұхбат алушыға қойылатын талаптар мен функциялар.

Сұхбат алушының (интервьюер) қызметтері. Сұхбат алушыға қойылатын талаптар. Сұхбат алушыны дайындау. Сұхбат алушының әсері. Сұхбат алушының сапасын бақылау. Әлеуметтік жұмыскердің клиентпен алғашқы кездесуінің мақсаты. Мәліметтерді тіркеу әдістері. Зерттеуді табысты жүргізуге қойылатын талаптар. Телефон арқылы сұхбат. Телефон арқылы сұхбатты тиімді пайдалану әдістері.

18. Бақылау жүргізу әдістемесі

Бақылау әлеуметтік жұмыстың теориясы мен тәжірибесіндегі зерттеу түрі ретінде. Ғылыми және әдеттегі бақылау. Бақылау адамдық танымдағы ескі әдістердің бірі ретінде. Бақылау әдісінің артықшылықтары мен кемшіліктері (субъективті және объективті). Бақылаушыны дайындау. Бақылаушының меңгеруі тиіс негізгі білімі. Зерттеушінің бойында қажетті икемдер мен дағдыларды қалыптастыру. Бақылаушыға тапсырма мазмұны бар зерттеу жүргізу талабы. Бақылау мәліметтерінің сенімділігі. Бақылау жүргізу кезінде жіберілетін әдеттегі қателіктер. Бақылау күнделігі.

19. Бақылау түрлерінің жіктелуі

Бақылау түрлерінің жіктелуі: құрылымдық және құрылымдық емес; тікелей және жанама; бақыланатын және бақыланбайтын; ашық және көрінбейтін; іштей және сырттай бақылау; далалық, лабораториялық және т.б. Әлеуметтік жұмыс саласындағы зерттеу процесінде бақылауды қолдану. Бақылауды жүргізу кезеңдері: зерттеуді дайындау, алғашқы әлеуметтанулық ақпаратты жинау; материалды өңдеу; қорытындыны рәсімдеу. Бақылау әдісінің артықшылықтары мен кемшіліктері (субъективті және объективті).

20. Фокус-топтық зерттеу әдітері мен технологиясы

Сұрақтар фокус-топтың негізгі әдістемелік тәсілі ретінде. Сұрақты құрастырудың негізгі қағидалары. Сұхбаттың құрылымдық деңгейі. Сұрақтардың орналасу стратегиясы. Сұрақтардың реттілігі. Сұрақтардың түрлері. Шектеулер.

21. Фокус-топ ұйымдастыру және жүргізу

Пилотаж. Жаңа техникалардың дамуы. Фокус-топта қолданылатын әдістемелер мен техникалар. Алдын-ала тексеру әдістері мен іріктеу процедурасы. Жобалық әдістер. Ассоциативті әдістер. Аяқтау процедурасы. Құру процедурасы. Экспрессивті әдістер.

22. Фокус-топтық зерттеу нәтижелерін талдау

Техникалық саты. Транскриптіні мазмұндау. Мәліметтерді түсіндіру. Талдау сипаты. Талдау қағидалары. Мәліметтерді талдау деңгейлері. Талдаудың негізгі элементтері. Зерттеуді дайындау сатысында талдауды жоспарлау. Нәтижелерді ұсыну.

23. Мәтіндерді талдау әдісі.

«Құжаттық ақпарат» және «құжаттық қайнар көздер» ұғымдары. Құжаттық қайнар көздер әлеуметтік ғылымды оқытудың объектісі ретінде. Құжаттарды субъективтік интерпретациялаудың себептері. Құжаттарды талдау барысындағы қарапайым қателіктер. Жіктеу мүмкіндіктері. Контент-талдау: негізгі рәсімдер. Контент-талдаудың мәндік бірліктері (ұғымдар, тақырыптар, атаулар, оқиғалар, ресми құжаттар және т.б.). Есеп бірліктері мен талдау бірліктері. Контент-талдау негізінде алынған ақпараттардың дәйектілігін қамтамасыз ету. Есептеу рәсімдері.

24. Құжаттарды жіктеу және сенімділік мәселесі.

Құжаттарды жіктеу: ақпараттарды (қолмен жазылған, басылған, бейне-кино-фотоүлдірлер және магниттік таспалар) бекіту тәсілі бойынша; алу тәсілі бойынша (мақсаттық және нақты); кейіптеу деңгейлері бойынша (өздік және дербес емес (қоғамдық)); мәртебесіне байланысты (ресми және бейресми); ақпараттық қайнар көздері бойынша (бастапқы және қосымша); құру сипаты бойынша (индивидуалды және топтық); түпнұсқалық көзқарасы тұрғысынан (түпнұсқалық және жалған). Баспасөз, немесе газетті-журналдық мерзімді басылымдар. Баспагердің, редакцияның және оқырмандардың әлеуметтік нұсқаларының газет ақпараттарына әсері. Құжаттық ақпараттардың деректілік мәселесі. Құжаттық қайнар көздерге сену деңгейін анықтау. Құжаттармен жұмыс істеудегі «алтын ережелер».

25. Құжаттарды талдау түрлері

Құжаттарды талдау түрлері: дәстүрлі, классикалық (ішкі және сыртқы) және нысандандырылған (контент-талдау). Құжаттарды сапалы және сандық талдау. Зерттеудің бірінші кезеңінде сыртқы, екінші кезеңінде ішкі талдауды жүзеге асыру. Дәстүрлі талдаудың кемшіліктері, құжат мазмұнын қабылдау мен интерпретациядағы субъективтік жылжыту мүмкіндіктері. Құжаттарды талдаудың арнайы әдістері: тарихи, әдеби, зани, психологиялық, әлеуметтік және лингвистикалық.

26. Құжаттарды талдаудың арнайы әдістері.

Контент-талдау нәтижесі негізінде болжам жасау. Өмірбаяндық әдістің мәні. Әлеуметтік жұмыс саласы бойынша зерттеулік іс-тәжірибелерде өмірбаяндық әдістерді қолдану мүмкіндіктері. Леймотивтік сұхбат. Нарративтік сұхбат. Ашық сұхбат.

27. Зерттеу барысында алынған мәліметтерді өңдеу әдістемесі

Бастапқы (жинақталған) ақпараттарды кодтау немесе шифрлау. Бастапқы мәліметтерді математикалық өңдеу амалдарын таңдау. Алынған әлеуметтік ақпараттарды статистикалық талдау. Өлшеу шкаласының негізгі түрлері. Әлеуметтік ақпараттарды өңдеудің техникалық амалдары. Алынған мәліметтерді реттеу және жүйелеу – топтастыру және жіктеу. Қарапайым топтастыру. Айқыш топтастыру. Кестелер, сызбалар, полигондар, диаграммалар (бағаналы, ленталық, шеңберлі, фигуралы), гистограммалар, кумулятивті қисық және т.б. Эмпирикалық және теориялық топтастыру. Ауыспалылықтар арасындағы өзара байланысты іздестіру. Орташа арифметикалық. Дисперсия. Корреляция коэффициенті. Қайталанған және салыстырмалы зерттеу мәтіндерін талдау. Сандық және сапалық талдау. Мәліметтерді сапалық-сандық талдау барысындағы іс-әрекеттердің бірізділігі. Сандық әдістердің кемшілігі мен сапалық әдістердің басымдылықтары.

28. Әлеуметтік жұмыстағы алынған зерттеу нәтижелерін экспертизалау және апробациялау

Ғылыми зерттеудің жалпы кестесі. Ғылыми тану әдістерін пайдалану. Логикалық заңдар мен ережелерді пайдалану. Зерттеу нәтижелерін интерпретациялау және түсіну әдіснамасы. Зерттеу нәтижелерін қорытындылау және жүргізу. Зерттеу нәтижелері туралы негізгі талаптарды рәсімдеу. Әлеуметтік жұмыстағы алынған зерттеу нәтижелеріне апробация және сараптама жасау. Әлеуметтік жұмыстағы зерттеу нәтижелерін енгізу жолдары мен түрлері. Әлеуметтік жұмыстағы ойларды, тұжырымдамаларды, теорияларды және т.б.б. тұжырымдау мәселесі.

29. Әлеуметтік жұмыстағы алынған зерттеу нәтижелерін жиынтықтау, рәсімдеу және енгізу

Магистрлік диссертация тақырыбын таңдау. Кітапханада жұмыс істеу әдісі. Каталог түрлері: алфавиттік, пәндік, жүйелік, жаңа түсілімдер. Пайдаланылатын әдебиеттердің әр түрлілігі: қарапайым ғылыми және ғылыми-танымал кітаптар; сөздіктер, анықтамалар және энциклопедиялар; классиктердің кітаптары; құжаттар мен қайнар көздер; ескі кітаптар; шетел кітаптары; библиографиялық көрсеткіштер; қолжазбалар және диссертациялар. Әдебиеттермен жұмыс істеу әдіснамасы, конспект жасау. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын мазмұндау. Ғылыми жұмыс құрылымы. Ғылыми туындамаларды аспекциялау. Ғылыми туындамалар композициясы. Ғылыми туындамалар рубрикасы.

30. Магистрлік диссертацияны дайындау әдістемесі

Магистрлік диссертация ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі түрі ретінде. Магистрлік диссертацияны композициялық құру. Мәтінді рәсімдеу. Дәйексөз келтіруге жалпы талаптар. Библиографиялық сілтеулер. Дәйексөзге қойылатын жалпы талаптар. Мәтіндерді түзету. Сын пікір және пікір.

«Әлеуметтік жұмыстағы әлеуметтік серіктестік пен диалог» пәні

1. Әлеуметтік серіктестіктің мазмұны мен мәні

«Әлеуметтік серіктестік» термині: идеялары мен ережелері. Әлеуметтік серіктестік феномені. Әлеуметтік серіктестікті анықтау деңгейі. Әлеуметтік серіктестік мазмұны.

2. Әлеуметтік серіктестіктің жүйелер функциясы

Әлеуметтік серіктестіктің жүйелер функциясы. Әлеуметтік серіктестік механизмі. Әлеуметтік серіктестік әдісі.

3. Әлеуметтік серіктестікті топтастыру

Кеңес Одағындағы социализмнің құрылуы және оның батыс елдеріндегі әлеуметтік серіктестіктің дамуына әсері. Оларды ұйымдастыруда кәсіби одақтар құру. Халықаралық еңбек ұйымын құру және қызметтеу.

4. Әлеуметтік мемлекеттің халықаралық құқықтық принциптері

Халықаралық еңбек ұйымы әлеуметтік серіктестігінің нормативтік бөлімі. Әлеуметтік серіктестіктің халықаралық-құқықтық принциптері. Әлеуметтік серіктестік мемлекеттің жалпыұлттық саясаты ретінде. Әлеуметтік серіктестіктің үлгілері.

5. Әлеуметтік серіктестіктің халықаралық тәжірибесі

Әлеуметтік серіктестіктің германдық үлгісі. Әлеуметтік серіктестіктің американдық үлгісі. Әлеуметтік серіктестіктің голландиялық үлгісі.

6. Қазақстандағы әлеуметтік серіктестіктің қалыптасу ерекшелігі

Қазақстандағы әлеуметтік серіктестіктің нормативтік базасы. Қазақстанда ҮЕҰ, бизнес, мемлекеттік әлеуметтік серіктестік процесінде пайда болатын қарама-қайшылықтар мен проблемалар.

7. Қазақстанда әлеуметтік серіктестіктің даму тенденциялары

Қазақстанда әлеуметтік серіктестіктің дамуының негізгі тенденциялары. Нарықтық жағдайдағы кәсіподақтардың іс-әрекеттері. Тәуелсіз кәсіподақтардың пайда болуы. Еңбек заңының дамуы. Еңбек келісім-шарты: ұжымдық және жекелік.

8. Әлеуметтік серіктестіктің қалыптасуы мен дамуындағы бизнестің рөлі

Әлеуметтік серіктестіктегі бизнестің рөлі мен мәртебесі. Кәсіпкерлік әлеуметтік серіктестік жүйесіндегі теңқұқылы серіктестік ретінде.

9. Әлеуметтік жауапкершілікті бизнес

Әлеуметтік жауапкершілікті бизнес: мазмұны мен түрлері. Кәсіпкерлердің меценаттығы мен қайырымдылығы. Кәсіпкерлердің әлеуметтік мәдени негізі.

10. Әлеуметтік серіктестіктің дамуы мен қалыптасуындағы мемлекеттің рөлі

Әлеуметтік қатынастардың құқықтық нормаларын қалыптастыру. Қазақстанда әлеуметтік серіктестіктің негізін құру. Түрлі әлеуметтік өмір саласындағы әлеуметтік мемлекеттің атқаратын қызметі. Азаматтық қоғамының дамуы мен демократия мәселесі бойынша Ұлттық комиссияның іс-әрекеттері және оның азаматтық қоғамның дамуына әсері. Мемлекет әлеуметтік серіктестік жүйесіндегі тең құқылы серіктес ретінде.

11. Мемлекет жұмыс беруші ретінде

Мемлекет мүлік иесі ретінде. Мемлекет жұмыс беруші ретінде. Мемлекет әлеуметтік серіктестік субъектілерінің өзара әрекеттерінің ұйымдастырушысы және реттеушісі ретінде. Мемлекеттік әлеуметтік саясаты. Әлеуметтік серіктестіктің мемлекеттік механизмдері.

12. ҮЕҰ азаматтық қоғам дамуындағы рөлі мен мәртебесі

ҮЕҰ азаматтық қоғам субъектісі ретінде. ҮЕҰ азаматтық қоғам дамуындағы рөлі мен мәртебесі. Қазақстандағы ҮЕҰ дамуындағы батыс елдерінің донорлық іс-әрекеттері.

13. Әлеуметтік серіктестіктің дамуы мен қалыптасуында ҮЕҰ рөлі

ҮЕҰ қазіргі заманғы қазақстан қоғамында: дамуы болашағы мен тенденциялары. ҮЕҰ әлеуметтік серіктестік жүйесіндегі теңқұқылы серіктес ретінде.

14. Кәсіподақтар әлеуметтік серіктестік жүйесінің институты ретінде.

Кәсіподақтар жұмыскерлердің мүддесін ұсынушы, қорғаушы институт ретінде. Кәсіподақтар азаматтардың экономикалық тұрмысын жақсартушы институт ретінде. Кәсіподақтар әлеуметтік-еңбектік қатынас дамуына қатысушы әлеуметтік серіктестіктің субъектісі ретінде. Қоғамның тұрақтылығы мен демократияның нығаюына кәсіподақтардың әсері.

15. Қазақстандағы әлеуметтік серіктестіктің нормативтік базасы.

Әлеуметтік серіктестікті топтастырудағы кәсіподақтардың атқаратын қызметтері.

Қазақстандағы кәсіподақ Федерациясының іс-әрекеттері. Еркін кәсіподақ Конфедерациясының іс-әрекеттері. Қазақстандағы «Кәсіподақ туралы» Заң. «Қазақстан Республикасының еңбек жөніндегі» Заңы. «Ұжымдық келісім-шарт туралы» Заңы.

5. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

1. Әлеуметтік жұмыс. Оқу құралы // Жалпы ред. Г.С. Әбдірайымова - Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 548 б.
2. Основы социальной работы. Учебник/ Под ред. П.Д. Павленка. – М., 2017
3. Теория социальной работы: Учебник/ Под ред. Е.И. Холостовой. – М.: Юрист, 2018.
4. Жумагулов Г.М., Ахметова А., Ахметова Г. Право социального обеспечения. Учебник. - Алматы: «Нур-пресс», 2015. - 334 с.
5. Ерусалова Р.И. Социальное обслуживание лиц пожилого возраста и инвалидов на дому. Учебное пособие. М.: Дашков и К., 2015, 329 с.
- Социальная работа: теория и практика: Учеб. пособие/Отв. ред. д.и.н., проф. Е.А.Холостова, д.и.н., проф. А.С. Сорвина. - М: ИНФРА - М, 2017. 427с. - (Серия "Высшее образование").
6. Теория социальной работы: Учебник / Под. ред. проф. Е.И Холостовой. - М: Юристъ, 2014- 334с.
7. Основы социальной работы: Учебник / Под. ред. П.Д. Павленок. - М.: ИНФРА, 2015. - 1368с.
8. Амиргалиев Е.Р., Нуркатова Л.Т. Социально-правовая работа с пожилыми людьми в Казахстане // СОЦИС , 2016, №3, -С. 72-77.

Қосымша әдебиеттер:

1. Технология социальной работы. Учебное пособие / Под ред. И.Г. Зайнышева. – М.: «Владос». 2015.
2. Технологии социальной работы в различных сферах жизнедеятельности.- М., 2014
3. Технологии социальной работы / Под ред. Е.И. Холостовой. – М., 2011.
4. Технология социальной работы: Учебник / Под.ред. проф. Е.И Холостовой. 2016
5. Н.Назарова «Интегрированное (инклюзивное) образование образование: генезис и проблемы внедрения» //Социальная педагогика №1, 2017г.
6. Тынышбаева А.А. Основные тенденции взаимодействия субъектов социальной поддержки детей в Казахстане // Роль неправительственных организаций в развитии гражданского общества в Казахстане. Материалы международной научной конференции. Алматы. 2017. С.203-208.
7. Абдырайымова Г.С. Социальная работа с молодежью. Алматы. 2016.

6. Білімдерді бағалау шкаласы

Әріптік жүйе бойынша бағасы	Баллдардың сандық эквиваленті	%-тік мазмұны	Дәстүрлік жүйе бойынша бағасы
A	4,0	95-100	Үздік
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық

C-	1,67	60-64	Қанағаттанарлықсыз
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
F	0,5	25-49	
FX	0	0-24	

Емтиханды өткізу барысында білімдерін бағалау келесі критерийлерге сүйенеді:

«Үздік» деген баға - барлық бағдарламалық материал бойынша терең қанағаттанарлық білімдер, қарастырылып отырылғын үрдістер мен құбылыстардың мәні мен өзара байланысын түсіну, пәннің негізгі тұжырымдамалары бойынша қанағаттанарлық білім: емтихан билетінің барлық сұрақтары мен емтихан комиссиясы мүшелерінің қосымша сұрақтарына логикалық тұрғыда дәйекті, мағыналы, толық дұрыс және нақты жауаптар, сұрақтарға берілген жауаптарда барлық ұсынылған әдебиетті қажетінше қоладну.

«Жақсы» бағасы - барлық бағдарламалық материал бойынша қанағаттанарлық және толық білімдер, қарастырылып отырылғын үрдістер мен құбылыстардың мәні мен өзара байланысын дұрыс түсіну; жекелеген сұрақтар бойынша ескертулерді еркін түзетуде дәйекті, мағыналы, дұрыс және нақты жауаптар

«Қанағаттанарлық» бағасы – бағдарламаның негізгі сұрақтарын түсіну мен қанағаттанарлық білім, қойылған сұрақтарға қателерсіз жауаптар, емтихан қабылдаушылардың көмекші сұрақтары арқылы маңызды емес қателер мен дәлелсіздіктерді жоя білу, сұрақтарға жауап беруде ұсынылған әдебиетті жеткіліксіз дәрежеде қолдану.

«Қанағаттанарлықсыз» бағасы – негізгі сұрақтардың біреуіне болса да дұрыс жауап бермеу, жауапта дөрекі қателердің болуы, қарастырылып отырған сұрақтарды түсінбеу, қосымша сұрақтарға сенімсіз және дәл емес жауаптар.